



Ішкі жұмыстарға арналған бояу Ultra 3

ӨНІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Күңгірт беті бар силикон, ациклді сополимерлер негізінде ішкі жұмыстарға арналған жоғары сапалы сәндік эмульсиялық бояу.

СИПАТТАМАЛАРЫ

- ✓ Су және силикон негізінде
- ✓ Күңгірт және тегіс құрылым
- ✓ Ауа өткізгіш
- ✓ Беттегі қара түсті жабатын, керемет жабын қасиеті.
- ✓ Жағлатын бетке жақсы жабысады

Ішкі жұмыстарға арналған Fawori Ultra 3 бояуы – бұл үнемділік пен сапа. Күңгірт әрі тегіс бет. Ауаөткізгіштігі мен суға төзімділігінің жоғары көрсеткіштері. Бетінде жақсы тұрады. Құрылыс нормаларын сақтаған жағдайда жарықтардың, көпіршіктер мен қатпарлануын болдырмайды. Су негізіндегі формуласының арқасында жағымсыз иіс жоқ, экологиялық таза.

ЖАҒЫЛАТЫН БЕТТЕР

Ішкі жұмыстарға арналған Fawori Ultra 3 бояуы ішкі ескі-жаңа боялған/сыланған төбелер мен қабырғаларға, сылаққа, тегістегішке, гипсокартонға, бетон плиталарына, бағытталған жоңқа тақтасына, шыны талшықты беттерге төсеме жағылғаннан кейін қолданылады.

ЖАҒУ ӘДІСІ

Бояу жағылатын беттің тегіс, берік және төсеме және үстіңгі бояу қабатын көтере алатындығына көз жеткізіңіз. Барлық дақтарды, шаңды, майды, борпылдақ қабаттарды тазартып, қажет түзетулер енгізіңіз. Бетон, өңделмеген бетон және жаңадан сыланған беттер үшін қату мерзімін (28 күн) сақтаңыз.

Бұрын су негізіндегі бояулармен боялған беттер: төсеме жағар алдында бетті ұсақ түйіршікті егеуқұм қағазымен жылтырата өңдеңіз.

Жаңадан сыланған және алғаш рет боялатын беттер үшін Fawori Interior Primer ішкі жұмыстарға арналған төсемесін қолданыңыз.

Сіңіргіш және шаң түзетін беттерге, мысалы, сылақ, әк, ақ сыр және газобетон, тиісті қатынаста сұйылтылған Fawori қойылтылған төсемесін бір қабат етіп жағыңыз. Оны кертіктеп немесе жылтыратпай қолданыңыз, бетінде шыны тәрізді жұқа қабат түзілмеуі керек. Өкті бетке тікелей жағуға болмайды. Қатты кірлеген беттерге бір қабат дақтарды кетіруге арналған бояу жаққаннан кейін, жабу қабілетін жақсарту үшін бір немесе екі қабат бояу жағыңыз. Бояуды жағу және толық кету кезінде қоршаған орта мен бет температурасының +5°C-тан +30°C-қа дейінгі диапазонда сақталуын қамтамасыз етіңіз, сондай-ақ беттерді қатып қалудан қорғаңыз. Қылшақпен, білдекпен немесе бүріккішпен жағыңыз.

Біздің өніміміз 30.06.2007 ж. № 26568 Жалпы техникалық құрылыс нормаларына сәйкес салынған негіз беттеріне жағуға жарамды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Мөлдір төсемелер: Сіңіргіш және шаң түзетін беттерге, мысалы, сылақ, әк, ақ сыр және газобетон (қасбеттік және ішкі жұмыстар үшін), тиісті қатынаста сұйылтылған Fawori концентрленген төсемесін бір қабат етіп жағыңыз. Оны кертіктемей және жылтыратпай қолданыңыз. Бұл төсемелерді ескі боялған (су негізіндегі бояулармен боялған) және шаі түзбейтін беттерге, сондай-ақ желім немесе паста жағылған беттерге жаққанда, шыны тәрізді қабат түзіледі. Мұндай беттерде жабу қабілетінің төмендеуі, жарықтар түзілуі және/немесе жабысу қабілетінің нашарлауы байқалуы мүмкін, тіпті 7-8 қабат үстіңгі бояу жағылған жағдайда да. Бұл жағдайда шыны тәрізді қабатты толықтай алып тастау үшін жылтырата өңдеуді және тазалауды жалғастыру қажет. Пигментті төсемелер: Су негізіндегі бояулармен төселген және боялған қабырғаларда төсеме/аралық төсеме ретінде Fawori Interior Primer ішкі жұмыстарға арналған төсемесін қолданыңыз. Мұндай төсемелерді сіңіргіш және шаң түзетін беттерге, мысалы, сылақ, әк, ақ сыр және газобетон, жаққан кезде байланыстырғыш зат сіңіп кетеді, нәтижесінде бетінде шаң және басқа да ақаулар пайда болуы мүмкін.

Сыланған беттер: Егер қабырғалардың беті пастамен тегістелетін болса, сіңіргіш және шаң



түзетін беттерге, мысалы, сылақ, әк, ақ сыр және газобетон, мөлдір төсемені тырнап өңдеусіз және жылтыратусыз (білдекті тек бір айналым төмен жүргізу арқылы) жағыңыз. Осыдан кейін дайын пастаны жағыңыз (беткі қабат төменгі және үстіңгі бояу қабатымен үйлесімді пастамен тегістелуі керек). Одан кейін пигментті төсемені жағып, соңғы бояу қабатын қолдануға көшіңіз. Ескі бояудың үстіне сылақ жағу қажет болған жағдайда, бетінде жиі керткі өңдеу (насечка) жасаңыз. Олай болмаған жағдайда, егер қабатталған бояу қолданылған болса, сылақты тікелей бояудың үстіне жағудан аулақ болыңыз, өйткені бұл жағдайда сылақпен бірге соңғы бояу қабаты да түсіп кетуі мүмкін. Әкті және борпылдақ қабаттарды толықтай тазалау: Сым щеткасымен, қырғышпен және/немесе спиральмен ұстамайтын ескі бояу қабаттарын және бояу астындағы әк сияқты сіңіргіш беттерді тазалаңыз. Немесе сынақ қолданғаннан кейін максималды қысымы 250 бар су ағынымен тазалаңыз. Су ағынды немесе жылтырата өңдеу әдістерін қолданғанда, қысым қарқындылығын міндетті түрде тексеріңіз. Олай болмаған жағдайда, жоғары қысым бетті зақымдап, оны айтарлықтай жөндеу мен түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін.

Ауасыз шашыраутды қолданған кезде:

Қысым: 140 бар

Шүмектің көлбеулену бұрышы: 50°

Шүмектің өлшемі (дюймдер): 0.019"

Сұйылту (сумен): 10-15 % (көлемнен)

СҰЙЫЛТУ

Қылшақпен немесе білдекпен жағу кезінде, 15-20% таза сумен сұйылтқаннан кейін екі қабат жағу ұсынылады. Егер жеткілікті пленка қалыңдығы қамтамасыз етілсе, бояуды 10-15% таза сумен сұйылтып, ауасыз шашыратумен бір қабат жағуға болады.

КЕПТІРУ УАҚЫТЫ (20°C температурада және 65% салыстырмалы ылғалдылықта):

Қатпай бастауға дейінгі кептіру уақыты: 30-60 минут

Тегістеу және жабындау арасындағы кептіру уақыты: 4-6 сағат

Соңғы кептіру уақыты: 24 сағат (кептіру уақыты жоғары салыстырмалы ылғалдылық пен төмен температура жағдайында артуы мүмкін).

МАТЕРИАЛ ШЫҒЫНЫ

Бояу жағылатын беттің түріне, сіңіргіштігіне және құрылымына байланысты 1 литр бояу бір қабатта 13-17 м² аумақты жаба алады. Нақты шығын көлемін анықтау үшін бақылау сынағы жүргізіңіз.

САҚТАУ

Өнімді ашылмаған қаптамада 3 жыл бойы құрғақ және салқын жерде, суықтан және тікелей күн сәулесінен алыс сақтауға болады. Қолданғаннан кейін қақпақты мықтап жабыңыз.

ҚАПТАМА

9 л, 5 л, 2.5 л

ЕСКЕРТПЕ ЖАЗУЫ

Абайлаңыз

ҚАУІПТІ ӘСЕР ТҮРЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

H317 Теріде аллергиялық реакция тудыруы мүмкін.

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

P101 Дәрігерге жүгінген кезде өзіңізбен бірге өнімнің қаптамасы немесе затбелгісі болуы керек.

P102 Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

P103: Қолданар алдында жапсырмадағы мәтінді оқыңыз.

P261 Шаңмен/ түтінмен/ газбен/ тұманмен/ бұмен/ аэрозольмен тыныстаудан алудан аулақ болыңыз.

P280 Қорғаныс қолғаптарын / қорғаныс киімдерін пайдаланыңыз. Көзді/ бетті қорғаңыз.

P333+P313: Егер терінің тітіркенуі немесе қызаруы пайда болса медициналық көмекке жүгініңіз.

P501 Мазмұнын / қаптаманы жергілікті / аймақтық / ұлттық / халықаралық нұсқауларға сәйкес жою қажет.

"ВЕТЕК БОУА VE KИMYA SAN. A.Ş." Акционерлік қоғамы

Бас кеңсе: Зумругевлер ауданы, Урал көшесі № 38 34852 Малтепе ауданы – СТАМБУЛ, қ.

Тел.: (0216) 571 11 00 Факс: +90 (216) 571 13 15 – Орталық тіркеу жүйесіндегі нөмір: 0167001238900018 - www.fawori.com



№ TS 5808/2012 Түркия Республикасы стандарты талаптарына сәйкес келеді.



TSE

"G" стандарттар жинағының талаптарына сәйкес келеді.

Ылғал желінуге төзімділігі: 3 Клас
Жабу қабілеті: 2 Клас (7м²/л)
Түйіршік өлшемі: жұқа
Жылтыр жабын: күңгірт

Позиция нөмірі

25.043/1A, 25.048/1A, 25.048/1B, 25.048/2, 25.043/1A, 25.048/1A, 25.048/1B, 25.048/2

Тариф нөмірі

04,524/01

Осы техникалық паспорт қалыпты жағдайларда жүргізілген зертханалық зерттеулердің деректері негізінде дайындалды. Жоғарыда көрсетілмеген қосымша ақпарат алу үшін техникалық персоналмен байланысуыңызды сұраймыз. Олай болмаған жағдайда, өндіруші компания жеткіліксіз ақпарат алу нәтижесінде туындаған ақаулар үшін жауапкершілік алмайды. Біздің компания ұсынылған ақпаратта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Осы өнім «Betek A.Ş.» Акционерлік қоғамы тарапынан TS ISO / IEC TS EN ISO 9001, TS EN ISO 14001, TS 18001, TS EN ISO 50001, TS ISO 10002, TS ISO/IEC 27001 стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы сертификатпен дайындалды

2020 жылғы 4 наурыздағы редакция.